

**ЖҰБАН**

**МОЛДАҒАЛИЕВ**



# ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

---

*ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ*

*Екі томдық*

***АЗАМАТТЫҚ ӘУЕНДЕР***

②

*том*

ОРАЛ - 2000

**ББК 84-Каз**  
**М 66**

**Ақылдастар алқасы:**

**Мәлік ҚҰЛШАР**  
**Базарғали ҚУАТОВ**  
**Жанғали НАБИУЛЛИН**

**Марат МҰХИТДЕНОВ**  
**Мақсат ОМАРҒАЛИЕВ**  
**Ғайсағали СЕЙТАХ**

ББК 84-Каз

ISBN 9965-404-15-1

## Осы басылымға орай сөз

Өз заманының дүлдүлі, ақиық акын, біздің жерлесіміз Жұбан Молдағалиев шығармаларының екі томдық жинағын шығару ісі Батыс Қазақстан облысының әкімі Қабиролла Жақыповтың тікелей қолдауымен қолға алынған болатын. Ал оның шығармаларын қалай іріктен, топтастыру керек, қай томына қандай шығармалары енгізілуі тиіс деген мәселелерді ақылдастар алқасы маған жүктеген еді. Осыған орай өлең сүйер қауымға, жалпы оқырмандарға осы екі томдықтың қандай бағытта құрастырылғандығы туралы түсінік бере кеткенді жөн көрдім.

Сөз жоқ, Жұбан өте күрделі акын. Ол қалам тартпаған тақырып жоқ. Сондықтан да оның екі томдығына енгізілетін шығармаларын іріктеу оңай болмағандығын мойындауымыз керек. Сөйтiп, оның әр жылдары жарық көрген жыр жинақтарын парактай отырып, әрі ойлап- бері ойлап келгенде Жұбан әсіресе туған жер тақырыбын ерекше екпінмен, туған топырағымыздың өткендегісі мен бүгінгісін ұтымды үндестіріп, оны «Отан» атты қастерлі ұғыммен астастыра жырлаған және осы тақырыптағы қай шығармасында да жерлестерінің асқак рухын асқақтата көрсеткен деген тоқтамға келдік. Жинақтың бірінші томы «Туған жер тынысы» деп аталуы да сондықтан.

Ал екінші том «Азаматтық әуендер» деп аталып отыр. Бұған Жұбақанның ақындық келбетін, адами болмысын, азаматтық позициясын танытатын шығармалары топтастырылды. Осы орайда оқырмандарға ескерте кететін басты мәселе- Жұбақанның жүрегі қашан да «Отан» деп соқты. Өйткені ол өз заманының ақыны, оның өмірі Отан тағдырымен үндесін жатты.

Сол тұста «Отан» деген ұғымды «Одақ» деп түсіндік. Ал Кеңес Одағының тағдырын Ленин идеяларынан, Коммунистік партия тарихынан бөліп алу мүмкін емес еді. Бұған қоса Жұбақанның жеке өмірін өкініші мен өксігі мол құлшылық пен күшшілік тұрмыстан (Бұл жерде мен ақынның анасы Зеріп шешейдің тағдырын айтып отырмын. Ол туралы «Жесір тағдыры» поэмасында жеріне жеткізе жырланған) алып шыққан Қазан төңкерісі екендігін де, оның ақындық келбетін Компартия айқындан бергендігін де ешкім жоққа шығара алмайды. Демек, Революция жетісі болмаса, Компартияның қамқорлығын сезінбесе,

Жұбанның да бүгінгідей биіктен көрінуі екі талай еді.

Бірақ Жұбан ештеңеден қаймықпаған, ешкімге жалбақтамаған ақын. Ол ақындық пен батырлықты тең ұстанған тұлға! Бұған оның «Мен- қазақтың» деп аталатын поэмасы айқын дәлел бола алады. Дауылпаз ақын бұл поэмасында патшалық Ресейдің езгісінде болып келген халқымыздың бастан кешкен қиямет- қайымын тарихи тұрғыдан шынайы суреттей келіп, сол тұста бәріміз бірдей табынған Компартия тарапынан жіберіліп келген кемшіліктерді де сараптап көрсетті. Компартияның ығынан сескенген әлдебіреулер ұлтын айтудан тайсақтап жүрген кезде ол «Мен- қазақтың» деп, жарты әлемге жар салып, өз ұлтының рухын асқақтата білді.

Жұбақан сонымен бірге жекелеген тарихи тұлғалардан да тайсақтап көрген емес. Нені болса да ашық айтты, өзінің өмірлік позициясын берік ұстанды. Бұған мысал ретінде қазір бүкіл ұлтжанды жұртшылық пен әдебиетші қауым көбінесе 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Колбиннің алдында сөйлеген сөзін келтіріп жүр. Біз бұған 1972 жылы жарияланған «Хатшыға хат» деп аталатын өлеңін де қосар едік. Бұл- оның республика басшылығы тарапынан қағажу көріні, шығармашылық жолында тоқырауға ұшырап жүрген кезінде жазылған болатын. Соның салдарынан Орталық Комитеттің беделді басшылары осы өлең «Жұлдыз» журналында жарияланып жатқанын кейінірек естіп, өлеңнің «Хатшы болсаң боларсың өлгенше сен, Мен ақын бон қаламын өлгесін де» деп келетін соңғы шумағын журналдың жарты таралымынан қысқарттырып тастаған. Ал шын мәнінде бұл Жұбақанның ақындық позициясын айқын танытатын өзекті туындыларының бірі болатын. Сондықтан да біз екінші томды осы өлеңнен бастауды ұйғардық. Өйткені онда өмір шыңдығы жырланған. Олай дейтініміз- қазір сол тұста орталық комитет хатшылары кім болғандығын санап бере алатын адам аз. Демек, олар тарихтан да кете бастады. Ал Жұбан жырлары жыл өткен сайын жаңғырып, жаңа оқырмандарын тауып жататыны даусыз.

Екінші томға сонымен бірге сүйіспеншілік тақырыбына арналған өлеңдері мен кезінде оқырмандар қауымы жоғары бағалаған «Дала дастарханы», «Жыр туралы жыр» поэмалары және мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Қыран дала» және «Сел» поэмалары енгізіліп отыр.

Демек, осы басылымның бірінші томына жазылған алғы сөзінде облыс әкімі Қабіболла Жақыпов атап көрсеткеніндей, өз кезінде «Өлеңде де, өмірде де Жұбан» болып өткен ардақты ақын туралы кімде-кім толығырақ білгісі келсе, оның сырға толы жыр жолдарын тағы бір рет үңіле оқысын демекпіз. Бұл туралы Жұбақанның өзі де айтқан болатын. Ол 1972 жылы Москваның «Художественная литература» баспасынан жарық көрген өлеңдер мен поэмалар жинағына жазған беташарында өз өмірі жайлы, туган ауыл, өскен ортасы туралы қысқаша баяндай келіп: «... Тағы бір ұсақ-түйек жәйттерді «Анкетама қосымша» деген өлеңпен білуге болады. Жалпы ақын туралы жақсы да толығырақ айта алатын-оның поэзиясы ғана», - деп жазғаны бар. Осыған орай бұл жинақ та оқырмандар тағамынан шығады деген сенімдеміз.

**Базарғали ҚУАТОВ.**

## ХАТШЫҒА ХАТ

Хатшы жолдас, мен сені күндемеймін,  
Маған ақыл айтқандай кім демеймін.  
Жас бол әлде кәрі бол - жолың үлкен-  
Шақырсаң да алдына күнде, мейлің.

Қызықнаймын орныңа, жалақыңа,  
Атақ - ақша не мұрат, сал ақылға.  
Қызықнаймын арнаулы машинана,  
Такси көп қой, жетеді со да ақылға.

Бар - жоғымен, күреспен қызық өмір,  
Маған оның жазы да, күзі де бір.  
Қызықнаймын көмекші қызыңа да,  
Онысыз да ақынның тұзы жеңіл.

Ішің жейміз, мүнәпәс киінеміз,  
Рас, кейде Қасымша шүйілеміз:  
«Ертең түсің қалсақ та, хатшы болмай,  
Неге ақын болдық деп күйінеміз».

Жоқ-жоқ, бұл жай көңілдің күйі деңіз,  
Хатшылық пен ақындық - қиын егіз,  
Отыра алмай орнымда түскен өзім,  
Құлатсаң да өкінбей үйіме күз.

Сүйсінемін жүгіңе арқалаған,  
Мен де одап жырыма арқау алам.  
Саған барып айтады қуанышын;  
Саған барып мұң-шерін сарқады адам.

Жүрт жоқ емес маған да мұң шағатын,  
Пәрменді деп ойлай ма мұнша ма ақын?  
Себім тисе, тиеді сен арқылы,  
Сен арқылы олар да шын танатын.

Өміріңнің кетеді депі ісіңе,  
Тыңдырсаң ғой бәрін де дем ішінде!  
Өзің үшін қызарсаң - ол бір сәрі,  
Жауаптысың, жығылсам, мен үшін де.

Коз карайган жұмыста, шеке талған,  
Козге түсіп, жерім жоқ жеке аталған.  
Жауыздың да арызын тыңдайсың сен,  
Сылқытар ем, мен болсам, жеті атадан...

Жылы сөуле секілді сенді оятып,  
Әр уақытта сөзің бар деп қоятып.  
Сондықтан да мен емес, сен хатшысың,  
Сондықтан да сен емес, мен ғой ақын.

Мен де сорлы емесің өңтесінде,  
Зияны жоқ жүрсе егер бұл да есінде,  
Бәлкі, хатшы боларсың өлгенше сен,  
Мен ақын боп қаламын өңтесін де.

*«Орал өңірі» 11 қыркүйек 1990 жыл.*





## СЕРТ

*(Бір жастың альбомынан)*

Сайратқан бұлбұл құстай ұлы Отаным,  
Сұңқардай алмас канат құлшынамын.  
Саңкылдап Чапаевтай қайраты өктем,  
Сертімнен сынга түссем бір шығамын.

Семсерін Аманкелді қолыма ұстап,  
Саламын, соғыс болса, жауға қыспақ.  
Советтің батыр өскен баласымын,  
Сайланған түзде туып, тауда қыстап.

СССР - бақыт кені ардақты анам,  
Саянды жырға қосып сан мақтанам.  
Сен үшін, керек десе жаным құрбан,  
Сен мені адам еткен, ардақтаған.

1940



## БІР БАССАҢ ДА АЛҒА БАС!

Өжет елдің жігіті  
Өшін алмай шыдар ма?  
Кескілескен дұшпанын  
Кесіп түспей тынар ма?

Тайынба, жолдас жауынгер,  
Ел тағдыры қолыңда!  
Тайынбасаң оқ пен от  
Бөгет болмас жолыңа!

Халықтың ыза-кегінен  
Сауыт киіп сан қабат,  
Жай түсір жаудың шебіне,  
Жауызды өлтір, санлақ ат!

Қапы қалма, құтқарма,  
Қырылсын дұшпан, қырылсын!  
Өздері қазған орына  
Өздері мерт боп жығылсын!

Қаския шап, қарсы бар  
Өмірдің нұрлы таңы үшін!  
Бір бассаң да алға бас,  
Миллиондардың бағы үшін!

1942



## БІЗ ЖЕҢЕМІЗ

Жатқанда Отан жері отқа жанып,  
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,  
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасак,  
Жігіттің неге жүрміз атын алып?

Жеңеміз! Жеңіс - совет адамы аты.  
Біздерміз азат етер адамзатты.  
Сенемін Партияма, ер халқыма,  
Қандай күш бұл дүниеде одан артты?!

1942



# КОМАНДИР

Аға лейтенант  
Қуаныш Тасқараевқа  
арнап

Қан жүтсе да,  
Қарысып  
Қарсыласты зұлым жау,  
Зеңбірек оғы жарысып,  
Зіркілдеді тас пен тау.

Қазып жатты жер бетін  
Мина да гүрс-гүрс жарылып.  
Түтін боп түсті жерге түн,  
Күн оғы отпен қарылып.

«Айқасты мұнда алапат  
Кімдер тірі қалады?  
Құтырған жаудың камалын  
Қандай күш басып алады?»

Деп ойларлық кезенде,  
Атып тұрды Қуаныш,  
Тапаншасын кезенді,  
Біткендей бойға туа күш.

- Алға! - деп, алға түсе кеп,  
Ұран салды ақырып.  
Лан қойды ерлер дүсірлеп,  
Жау шебін кетті жапырып.

Қуаныш солай жүр қорғап  
Октябрьдің жемісін.  
Бірінші болып атойлап  
Туған ел, туған жер үшін.

1942



## БАТЫР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

- Отан үшін! Жеңіс үшін! -  
Деп солдаттар салып ұран,  
Көтерілді атакаға,  
Оққа қарсы жауын тұрған.

Сол мезгілде бір жауынгер,  
Шойрылды ма, сүрінді ме,  
Көкірегін қолмен басып  
Құлады, сәл жүгірді де.

Жығылды ол, жығыпты оқ,  
Ақты қаны ердің жерге.  
Жеткені ме арсыз ажал,  
«Тағы бірін жеңдім» дер ме?

- Жок, жок! Ажал, қателестін,  
Әлі бойда қайратым бар!  
Әлі де мен соғысамын!  
Қайратым бар, айбатым бар!

Отаныма - оттан ыстық  
Жүрегім бар, суық шалмас.  
Дұшпаныма - мұздан салқын,  
Домна да жылыта алмас!

Тоқтаған жок ол жүрегім,  
Тоқтамайды өзім өлімсі!  
Тоқтаған жок, соғады әлі,  
Тоқтамайды жауды жеңбей! -

Деп жауынгер қалтасынан  
Алды суырып партбилетін.  
Жаудың оғы тесіп өткен  
Партбилеттің жыртып шетін.

Өңірінен бір-ақ тартып,  
Қан көйлегін шешіп алды.  
Тәлтіректеп түрегеліп,  
«Алга!» деп ол айкай салды.

Бір қолында қанды көйлек.  
Бір қолында партбилеті -  
Екеуін де көтерді ол  
Жалау етіп құдіретті.

Коммунистің жүрегіндей  
Құдіретті қызыл билет:  
- Большевикті тоқтататын  
Еш жерде жоқ ешбір бөгет!

Бұзамыз біз, аламыз біз  
Қамалды да не керемет! -  
Дегендейін ер қолында  
Ересен зор болды медет.

Желіп жаздың желі кеулеп  
Желбіреді қанды көйлек,  
Сәл іркілген солдаттарды  
Кекке бөлеп, күшке бөлеп.

Қан-қан көйлек, қызыл билет  
Қанды айкаста берді жігер.  
Жауған оқты окпен басып,  
Тағы ұмтылды жауынгерлер...

Жауынгерлер жай оғындай,  
Жарып өтті жау қамалын,  
Жанып жатты жаудың шебі,  
Жаудың шебін жапты жанып.

\*\*\*

Тұрды батпай әлде неге,  
Тауға сүйен күн иегін,  
Қызыл қанға боялғандай  
Қызғылт басты көк жиегін.

Тағы мініп өр қайратқа  
Күркіреді зеңбіректер.  
Тағы шықты шабуылға,  
Жауды қуып жауынгерлер.

Осы кезде бір жер үйде  
Өлімші боп жатты біреу.  
Қарап кәрі профессор:  
«Қан құямыз, - деді, - дереу».

Өлімші кім? Өз досымыз.  
Коммунист. Әділ аты.  
О да Совет Одағының  
Жауынгері, азаматы.

Тоғыз рет ажал оны  
Алқындырды, қанын сықты.  
Айқасты ол ажалмен де,  
Тоғыз рет жеңіп шықты.

Жатыр жігіт жағаласын  
Өлімменен оныншы рет.  
Токтамайды, соға бермек  
Туған елін сүйген жүрек!

1944



## ӘН

Кез еді кызыл іңір, алғы шепте,  
Гүрсілдеп зенбіректер оқта-текте  
Тұрғанда, шықты шырқап әуезді ән,  
Зымыран, көгеріліп зенгір көкке.

Ауаның толқынымен араласып,  
Асқақтап әсерлі үні асып-тасып,  
Әсем ән әркімді де аң-таң етіп,  
Гүрсілін зенбіректің кетті басып.

Әуелден әнге әуес әншіл жанмын,  
Түн қатып той-топырда тыңдағанмын.  
Сағынған сүйгенімнің сазы ма деп,  
Құмартып, құлағымды түре қалдым.

«Ертістің ар жағында бір терең сай», -  
Деп қанат қакты көкке «Қара торғай»,  
Тыңдады тамашалап орыс, татар,  
Тұрғандай біздің байтақ дала толғай.

Бірінің қайырмасы «Айман-айым».  
Япыр-ай, кім еді бұл әлдеғайым?  
Жасымас, жабырқамас, ер жігіттің  
Жанынан, кім болса да, айналайын!

...Сол кезде командирден бұйрық жетіп,  
Барлауға жаудың күшін жүріп кеттік.  
Әлгі ән біраз жерге бірге барды,  
Дұшнанның алғы шебін бұзып өтіп...

1944





## ҚАНЕ, ДОСТАР

Ақырғы айқас әлі де алда,  
Әлі соғыс басылған жоқ.  
Әлі бізді әрбір жолда  
Ізден жүр ок, бас ұрған жоқ.

Жетті міне жаңа жыл да,  
Жаңа жеңіс жаршысы боп.  
Қане, достар, қане алыңдар,  
Мейлі ұшсын ок,  
Жарылсын топ.

Бүгін біздер  
Жат жердеміз.  
Жеңіс жақын, іргеміз кен.  
Біз ерлерміз елмен егіз,  
Қайда да Отан бірге бізбен.

- Солдаттардың саулығы үшін! -  
Дейді бүгін туган халық.  
Дейді: - биыл жауды күртсын,  
Жауын жеңбей тынған ба алып!

Қане, достар, жүз грамды  
Көтерелік көпке балап.  
Көп те алармыз  
Болғаннан соң  
Түу Берлинде туды қадап.

Болсын бұл жыл жорық арты.  
Бізден жаңа күгер ерлік.  
Бейбітшілік орнататын  
Жеңіс үшін көтерелік!

1944



## ЖЕҢІМПАЗДАР СӘЛЕМІ

Шарықта, шаттан, шабыттан,  
Жеңімпаз батыр халқымыз! -  
Жығылды туы дұшпанның!  
Біз жеңдік! Жеңіс - салтымыз.  
Қабыл ал ерлер сәлемін,  
Дәуірле, мақтан, күлімде!  
Алдында бүкіл әлемнің  
Нық басып тұрсың бүгін де.  
Қайырлы болсын жеңісің.  
Жайраттың фашист жеңдетін.  
Жең түріп түстің енді сен,  
Жолына бейбіт еңбектің.  
Бітсе де соғыс, штықтың  
Әлі де қаны кепкен жоқ.  
Өзегі ыстық мылтықтың,  
Оқ қызуы кеткен жоқ.  
Шындаймыз - солай болады -  
Қызыл Армия қатарын.  
Ұстаймыз тудай жоғары  
Жеңімпаз ерлер атағын.

1945



## ӘЛИЯ

Берлиннің бұзып қірген дарбазасын,  
Менің бір қазақ жігіт замандасым  
Көрсетті қыз суретін, отырғанда  
Әртүрлі әңгіменің шалып басын.

Қара шаш, аққұбаша, ашық кабак,  
Жүзіне келешектің көзін қадап,  
Қиялдың құшағында отырғандай,  
Суреттен қазақ қызы тұрды қарап.

Жүрегім толқын ұрып, күйіп жаным,  
Бояудай бетке шығып ыстық қаным,  
Көңілім көрген сайын елжіреді,  
Сездіріп қазақ қызын сағынғанын.

Көзімді тұтқын етіп раушан жүзі,  
Туғандай балқып нұры таң жұлдызы,  
Соншама неге маған ыстықсың сен,  
Неліктен, қарақат көз қазақ қызы?..

Кідіріп ұмытқандай әлденесін,  
Көзіне елестетіп қыз бейнесін,  
Суретке сүйінгендей қарап қойып,  
Күрсініп, айтты жігіт әңгімесін.

- Күн мұнар, көк түтін боп майдан үсті,  
Сұрапыл соғыс сонша болды күшті.  
Қиратып жаудың шебін алған шақта,  
Жаралы жатқан жанға көзім түсті.

Бетінен танытпады аққан қаны,  
Қосылған аққан қанға майдан шаңы.  
«Қош елім, қош туган жер» - дегенде ол,  
Даусынан тани кеттім Әлияны.

«Қарындас, Әлияжан, мақтанышым!» -  
Дедім де батыр мерген қызды күштым.  
«Әперші, мылтығымды, бір атайын,  
Ақырғы оқ түү Берлинге жеткенше ұшсын».

Әпердім. Ақырғы рет жиып күшін,  
Кезеніп жау жағына, қайрап тісін,  
Мылтығын бұрынғыдай берік ұстап,  
Атты ол, деді-дағы: «Отан үшін!»

Өзегін өртегендей қайғы шоғы,  
«Аһ» ұрды мылтық шіркін, ұшты оғы.  
Шықса да оқпен бірге кеудеден жан,  
Мылтықтан айрылмады мерген қолы.

Нақ сонда майдан түзі гүрсіл қақты.  
Тағы да алғы шепті жалын жапты, -  
Ақырғы Әлияның атқан оғы.  
Жандырып жатқандайын дұшпан жақты.

Ерлігін есімізде тудай сақтап,  
Есімін ұран етіп алға аттап,  
Ел сүйген ер қыз үшін кек алысып,  
Еңсеріп жау әскерін кеттік таптап...

Сокқандай ержүрегі әр кеудеде,  
Қоспаймыз жырға неге, әнге неге? -  
Деп тынды солдат жігіт. Ойладым мен:  
Ескерткіш емес пе осы әңгіме де?

\*\*\*

Ал-дал боп атакты ақын жыр толғатып  
Ойлайды кейде отырып, кейде жатып.  
Келешек дастанына «Әлия» атты  
Іздейді сөз асылып күн-түн қатып.

Қазғандай қаламымен бейне алтын,  
Дастанын «Әлия»деп атаса ақын,  
Ана да Әлия деп атауға әуес  
Жарыққа жана шыққан сәби атын.

1946



## МАХАББАТТЫ ТАҢДАСАМ

Тілі де махаббаттың, түрі де көп;  
Шегі жоқ, шыңырау терең, түбі де жоқ.  
Жандының бәріне тән, бойында жүр  
Қайғы мен қуаныштың түбірі боп.

Өткізіп, өліп-өшіп, ала таңын,  
Асырап аузыменен балапанын,  
Мақұлықтың әлсіз бірі боз торғай да  
Қорғайды өз ұясын, бала қамын.

Емес пе махаббаттың бұ да бірі?  
Боз торғай балапаны қалса тірі;  
Қуанар анадай боп бала өсірген,  
Тыныстап, табылып бір жан сабыры.

Ғашық бар, сағыныш бар торықтырар  
(Жүрек бар, тіліміз бар оны ұқтырар).  
Махаббат бұ да, ақыры әлде ләззәт,  
Немесе «Әттең, шіркін!» болып тынар.

Менің де махаббатқа, жаным құмар.  
Сол ғана табындырар, жалындырар.  
Сол маған ана сыйлап, бала өсірткен,  
Сол маған жар сүйдірген жанын қияр.

Сол үшін - өмір тілеп жүргенім де,  
Сол үшін қанат ұрам жыр көгіне.  
Сол ғана ел мен жерді сыйғызады  
Адамның жұдырықтай жүрегіне.

Тек сондай махаббатты жаным білсін,  
Ең үлкен, ең асылын, жалындысын.  
Тіріде, туган Отан топырағында,  
Сол ғана табындырсын, жалындырсын.

1947



## САЙЛАУ КҮНІ

Дәл бүгін алып күші ұлы істің  
Жаңғыртып жатқан сынды жердің үстің.  
Кеудені дүбірлеткен зор қуаныш  
Елге ортақ - өміріндей коммунистің.

Бұл күннің келшегі - кең жерімдей,  
Бір емес, бүкіл жердің шеңберіндеі.  
Көзіме көрінеді одан да зор -  
Халқым мен партиямның еңбегіндеі.

Жаңғыртқан жапан түзді жасыл орман,  
Жаңа нәр алуы хақ, асылы, одан.  
Жатқандай тағы тарап бетпақ шөлге  
Мөлдір су, жұпар ауа жомарт қолдан.

Дәл бүгін қыстық бидай басын жарып,  
Саусактай көктемгі егіс тамырланып,  
Көрініп ертеңгінің кереметі,  
Тұрғандай жаңа Ильич шамы жанып.

Сондай-ақ колхозды ауыл қала болып,  
Өрісі одан бетер малға толып,  
Қосылып қалалармен, аралары,  
Жатқандай құшақтасып қатар қонып.

Осындай тілегенін әр азамат  
Алғандай бюллетеньмен қоса қабат.  
Сенеді бәрі солай боларына,  
Қырандай келешекке қағып қанат.

Сондықтан шаттанбаспыз бүгін қалай,  
Даңқымыз, дауысымыз жер жарғандай.  
Арқалап ел үмітін бюллетеньдер,  
Урнаға түсіп жатты жауған қардай.

Келбеті сияқты етін келер күннің,  
Мен-дағы бюллетеньді алдым бүгін.  
Қолымда жаңа бақыт тұрғандай-ақ,  
Төбірленді қуанышпен жан-жүрегім.

Сүйініп секундтей сәл қарап тұрдым,  
Өзінен оқығандай өмір жырын.  
Көзіме елестеді депутаттар  
Аянбай ақтап жүрген ел бұйрығын.

- Әр кімнің махаббаттын, жүрек күшін  
Құс болып Москваға алып ұшсын!» -  
Деп салдым урнаға мен бюллетеньді -  
Ел үшін, халық үшін, партия үшін.

...Шыққандай өмірдің зор тойын тойлап,  
Келемін шабыттанып көше бойлап.  
Шаттанып бүкіл халық думан құрған,  
Жүзінде ұлы өмірдің нұры ойнап.

Өткен күн, өзге істер былай тұрсын,  
Қондырып алақанға бақыт құсын,  
Қалады әр азамат бүгін тағы  
Сәулетті ертеңінің бір кірпішін.

1950



## ЖАЗ КЕЛДІ

Жаз келді, жылдың сұлу ажарындай.  
Аясы алтын күннің назарындай.  
Қош алдық, ақын жанды әншіл халық,  
Жүректен күз де, қыс та, жаз арылмай.

Жаз келді, ұқсас жаздың жүзі бізге,  
Жаз нұры, бақыт нұры жүзімізде.  
Біздің күш жазғы күннің қуатындай,  
Жан берген, көрік берген жапан түзге.

Жаз лебі алып ұшсын әннің сазын,  
Тындасын әлем үнін жеңімпаздың.  
Өмірді гүлге бөлеп думандатсын  
Біздің ел - елі жаздың, жері жаздың.

1951

